

12005  
5943

ОКУЛЫҚ

С.М. Найманбаев

# САЛЬҚТЫҚ ҚҰҚЫҚ



АЛМАТАЫ ЖЕТИ ЖАРФЫ

ОҚУЛЬЫҚ

---

С.М. Найманбаев

# САЛЫҚТЫҚ ҚҰҚЫҚ

*Жалпы және ерекше бөлімдері*

АЛМАТЫ  
ЖЕТІ ЖАРҒЫ»  
2005



SPI

“Жеті жарғы” ЖАҚ 2002 жылы Франция  
өнеркәсібін колдау Ассоциациясының  
Алтын медалімен наградталды

*Казақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің  
багдарламасы бойынша шыгарылып отыр*

### Рецензенттер:

Сартаев С.С. – КР ҮҒА академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор  
Сабікенов С.Н. – КР ҮҒА академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор

**Найманбаев С.М.**

Н 18 Салықтық құқық: Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы,  
2005. 400-бет.  
ISBN 9965-11-163-4

Оқулыкта Қазақстан Республикасындағы салық салу жүйесінің және салықтық құқығының механизмдері, принциптері, құрылымдары, инвестицияларды салықтық реттеу кабілеті, трансфертік-индикативтік және императивтік сипаты, салық әкімшілігін жүргізу аясында экономикалық-каржылық мұddeлдер балансы және т.б. өзекті теориялық-практикалық тұстары казіргі заманы әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономика мен құқықтық-демократиялық мемлекет өркеннегі тұрғысынан карастырылып, салықтық құқық пен мемлекеттің фискалдық құрылышының негізгі мәселелері оның Жалпы және Ерекше бөлімдерінде ашылып көрсетілген, сондай-ак әрбір институттар бойынша ғылыми тұжырымдамалар берілген.

Салықтық құқықтың жалпы теориялық негіздерін салық саясаты ұстанымдарына карай салық салу практикасының механизмдерімен үштастыру жолдары тікелей Қазақстан Республикасы Салық кодексінін принциптері мен нормалары арқылы жүргізілген. Сонымен катар шетелдік және халықаралық салық салу жүйесіне, суропалық және халықаралық салықтық құқықка қысқаша шолу жасалынған.

Оқулык жоғары заң оку орындары мен факультеттерінің студенттеріне, аспиранттарына және оқытушыларына, жоғары экономикалық оку орындарының студенттеріне, салық салу процесіндегі өкілді және аткарушы билік органдарына, салық органдары мен салық төлеушілерге, сондай-ак салықтық құқық жөнінде мемлекеттік тілде акпараттар алуға қызығушылық таныткан оқырман қауымға арналған.

Н 1203020300-011 36-05  
(419-05)-2005

ББК 67.402

ISBN 9965-11-163-4

© Найманбаев С.М., 2005  
© «Жеті жарғы» ЖШС, 2005

## АЛҒЫСӨЗ

Қазақстан Республикасының егемендігі, оның әлеуметтік бағдарлы нарықтық қарынастарға бағытталған даму жолына көшуі, мемлекет және қоғам мұддесіне қажетті қаржы-каражаттардың мемлекет құзырында орталықтандырылуы, сондай-ақ өтпелі кезеңдегі экономиканы реттеу барысында пайдаланылатын салық құқықтың экономика және құқық аяларынан өзіне тиесілі орнын алуының басты себебіне айналып отыр.

Мемлекеттің материалдық мұддесі мен қоғам өмірінің айрықша экономикалық аясының тоғысатын жері, көбінесе объективті қаржылық-құқықтық құбылыс ретінде жарқын көрініс табатын салық салу саласы әркашанда мемлекеттің салықтық құқығының реттеуші ықпалының ауқымы ретінде көрініс табады.

Салықтық құқық қоғамдық-мемлекеттік маңызы бар айрықша объективті-субъективтік экономикалық аяны толығымен қамти отырып, осы салық салу саласындағы айтарлықтай түркіткіштік үйімдастырушы және материалдық сипаттағы салықтық қарынастарды реттейтін, әлеуметтік және фискалдық саясаттың ұстаным-бағдарларын көздейтін, мемлекет билігінің әкімшілік және экономикалық әлеуетінің салықтық құзырындағы зани және экономикалық мазмұнды құқықтық нормалардың жиынтығынан тұратын құқықтық құрылым болып табылады, сондай-ақ оның салықтық құқықтық нормаларында мүмкіндігінше мемлекет пен салық төлеушілердің экономикалық-каржылық мұдделерінің қарама-кайшылығы ескеріледі.

Нарықтық экономика жағдайындағы Қазақстан Республикасында қоғамдағы қандай болмасын процестерге мемлекеттік әкімшілік жүргізу арқылы тікелей ықпал ету мүмкіндігінің тарыла бастағаны бүгінде баршага аян. Бұл орайда халықаралық өркениетті стандарттар мен нарық талаптарына сай келетін, сондай-ақ қоғамдық және мемлекеттік мұдделерге қол жеткізуге жол ашатын әлеуметтік-экономикалық жанама ықпал етудін слеулі құралы салыктар, салық салу жүйесі және мемлекеттің салықтық құқығы пайдаланылады.

Салыктарға тән барлық функциялар мемлекеттік бюджеттің акшалай қаражаттарын негізінен корпоративтік шаруашылық аясы субъектілерінің табыстары есебінен қалыптастыруға нысаналанған тұркты байланыстын мемлекет пен салық төлеушілер арасында туындауы мен дамуы барысында іске асырылады. Өндіріс пен салық салу және мемлекеттік бюджет кірістерін қалыптастыру арасындағы тәуелділік үтимды салық жүйесін құрудың, сондай-ақ тиімді салықтық зан актілерін қабылдаудың теориялық және практикалық негізін құрайды.

Сонымен салық объективті-субъективті қаржылық-экономикалық және құқықтық құбылысты, ал салық салу мемлекеттік бюджеттін (салықтық кірісін) кіріс базасын қалыптастыруға байланысты қарынды салықтық қатынастарды көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Конституациясында айқындалып, Салық кодексінің ережелерінде зандық көрініс тапкан мемлекеттің салықтық құзыры тиісті мемлекеттік билік органдарының салыктар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеу және алу жөніндегі мемлекеттік өктем өкілеттіліктері камтитын ая болып табылады, сондай-ақ ол экономикалық кеңістіктегі мемлекеттің салық салу жүйесінің стратегиялық фискалдық әлеуетін білдіреді.

Салықтық құқық негізінде жүргізілетін мемлекеттік салық әкімшілігі салық жүйесінің тактикалық және стратегиялық салықтық әлеуетін, мақсатты әлеуметтік-экономикалық ұстанымдарды, ішкі және сыртқы салық саясатының принциптерін, салықтық құқықтық қатынастар жүйесін мемлекеттік басқаруды үйымдастыру процесін қамтиды.

Мемлекеттің салықтық құқығының аясында жүргізілетін салық әкімшілігі макроэкономикалық өсу түрғысынан және халықаралық салық салу стандарттарының оркениетті үлгілеріне сай коғам мен мемлекеттің, сондай-ақ корпоративтік шаруашылық (ішінде жеке меншік негізіндегі жеке кәсіпкерлік қызмет) субъектілерінің экономикалық-қаржылық мұдделерінің балансты болуын көздейді және соны қамтамасыз етуге ат салысады.

Салықтық құқық нормаларында мемлекеттің ішкі және сыртқы салық саясатының ұстанымдарында көзделген болашак коғамдық байланыстардың, яғни салықтық қатынастардың аса үтимды теориялық-практикалық модельдері бекітіледі, сондай-ақ салықтық құқықтық нормаларда белгіленген субъективтік құқықтар мен заны міндеттер негізінде нақтылы салықтық қатынастар салықтық құқықтық қатынастар түрінде қалыптасып, дамиды.

Сонымен, салықтық құқықтық қатынастар аясы мемлекеттік және корпорациялық шаруашылық аялары мен салаларын, сондай-ақ барлық занды тұлғалар мен азаматтар ауқымын қамтитындықтан салықтық құқық пен салық зандарына деген салық төлеуші занды және

жеке тұлғалардын, мемлекеттік қызметкерлердін, құқық корғау органдарындағы және басқа саладағы зангерлердін, экономистердін және аудиторлардың қызығушылықтары мен ықылас-ынталары күн санап өсуде.

Сонғы уақытта, салықтық құқықтың жалпы және арнайы теориялық проблемаларын, салықтық зандардың елеулі мәселелерін ғылыми зерттеу ісі де кең көлемде жүзеге асырылып жатқаны мәлім. Осылының нәтижесінде, жанаша қалыптасып келе жатқан Қазақстан Республикасының салықтық құқығы да мемлекеттік мәселелердің экономикалық-әлеуметтік түрлendірулуйне, өндіріс аясының тұрактандырылуына және салық жүйесінің күштейтілуіне өз үлесін косуда.

Міне, осындағы мән-жайлардың бәрі салықтық құқықтың жанаша күрілымы мен мазмұнына, маңызына және реттелінетін салықтық коғамдық катынастарға айтарлықтай ықпалын тигізіп кана қоймай, сонымен бірге салық салу мен салықтық құқықтың теориялық және практикалық мәселелерін бір бірінен болмей қарастыру арқылы салық жүйесінің тұрактыландырылуына және тиімді жұмыс істеуіне жағдай жасап отыр.

Осы орайда, салықтық құқық пен салықтық зандарды зерделеу міндеттілігінің жоғары зан оку орындарының студенттеріне, салық қызметі және қаржы полициясы агенттігі органдарының қызметкерлеріне, прокуратура мен сот органдарының қызметкерлеріне, кедендей бақылау комитеттінің қызметкерлеріне, экономистерге, бухгалтерлер мен аудиторларға жүктелуі күн тәртібінде өткір тұрган көкейтесті мәселе екенін көрсетеді.

Салықтық құқық курсын арнайы зерделеу нәтижесінде студенттер: мемлекеттің фискалдық саясатының әлеуметтік-экономикалық саясатпен үштастырылуы, салықтық зандар, салық мәселелерінс байланысты сот билігі шешімдерінн ролі жөнінде хабары бар; мемлекет аумағындағы салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді белгілеу, оларды мәжбүрлеп алу, салық әкімшілігін жүргізу, салықтық бақылауды үйымдастыру және жүргізу процестерінің құқықтық негіздері мен механизмдері жөнінде тиісті акпараттар алған; салықтық құқық бұзушылық үшін белгіленетін зани жауапкершілік тұрларімен және оларды қолданудың құқықтық негіздерімен, сондай-ак салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен жете танысқан; мемлекеттің салық жүйесінің экономикалық және құқықтық проблемаларын шешуге, сондай-ак салық салу аясы мен фискалдық қызметтерге катысты нормативтік құқықтық актілерді айтарлықтай менгерулеріне орай салықтық-құқықтық нормаларды іс жүзінде сауатты колдана алатын; салықтық зандарды талдап-талқылау арқылы салық салу аясында жи түндейтын даулы мәселелер мен талап-тартыстар бойынша тиісті занға негізделген кенес-корытындылар бере алатын, сондай-ак салықтық зандармен белгілі бір дәрежеде жұмыс істей біletін,

бухгалтерлік құқық пен экономикалық теориядан хабары бар және алған білімдеріне орай салық органдарында қызметкер болуға лайықты маман-зангер болып шығады.

Окулыкты жазудағы мақсат Қазақстан Республикасының бүгінгі салық жүйесі мен Салық кодексі тұрғысынан көптеген өзекті әрі күрделі мәселелерді карастырып, негіздеу, салық салу саласының нормативтік құқыктық базасын жетілдіру, сондай-ақ осы саланы салық төлеушілердің мүдделерін есепке ала отырып жалпыменлекettік тұрғыдан басқару жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар мен тұжырымдар және корытындылар беру болды.

Сонымен катар, бұл ретте алға қойылған тағы бір мақсат мемлекеттің салықтық құрылышының құрылымын, салықтық құқық пен салық зандарының қағидалары мен ережелерін зерделеуге қажетті мемлекеттік тілдегі окулыктарға деген сұранысты қанағаттандыру ісіне азды-көпті үлес қосу болып отыр.

## **ЖАЛПЫ БӨЛІМ**

Салықтық құқыктың Жалпы бөлімінде: салықтардың табиғаты, әлеуметтік-экономикалық мағынасы, объективті-субъективтік экономикалық-каржылық және құқыктық коғамдық құбылыс ретіндегі ерекшеліктері; салық салу процесінің мемлекеттің салық жүйесінде айқындалатын механизмлері; мемлекеттің салық жүйесінің әлеуметтік-экономикалық басымдылықтары, тактикалық және стратегиялық салықтық әлеуеті; мемлекеттің салықтық қызметі негізіндегі салық әкімшілігін жүргізу тәсілдері, салық жүйесінің фискальдық және реттеуіш функцияларын іске асыру принциптері; салықтық құқыктың мемлекет билігінің әкімшілік және экономикалық әлеуетінің салықтық құзырындағы зани және экономикалық мазмұнды құқыктық нормалардың жиынтығынан тұратын құқыктық құрылым ретіндегі көрінісі; қазіргі заманғы салықтық құқыктық нормалардың салықтық міндеттемелердің орындалуын камтамасыз ететін және инвестициялық процестерді салықтық ынталандыратын сипаты; салықтық құқыктық қатынастардың материалдық және зани мағынасы, объектілері және субъектілері; салықтық міндеттеменің жана құқыктық конструкциясының салықтық құқыктық қатынастарда катаң көрініс табуы; шағын көсіпкерлік субъектілеріне арналған арнаулы салық режимін қолдану жолдары; салық салу аясындағы салықтық реттеудің салықтық ынталандыруға және мемлекеттік мәжбүрлеуге катысты мән-жайлары; мемлекеттің салықтық құрылышының фискальдық, трансферртік және индикативтік касиеттері, нормативтік-құқыктық және экономикалық негізін қалыптастыру ерекшеліктері; нарық жағдайындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесінің үйымдастырылу құқыктық мағынасы, соның ішінде салық салу саласындағы

мемлекеттік басқарудың айрықша тұстары; салық салуды мемлекеттік басқару негізінде мемлекеттік салықтық жоспарлаудың мән-жайы және оның корпорациялық салықтық жоспарлаумен арақатынасы; салықтық бақылау нысандары мен салықтық тексеру түрлері, оларды жүргізу тәртібі мен тәсілдері; шет мемлекеттердің салық жүйесінің ерекшеліктері, халықаралық салық салу мән-жайлары мен халықаралық салықтық құқықтың маңызы ашып көрсетілген.

Салықтық құқықтың Жалпы бөлімінің нақтылы салықтық құқықтық институттары салық салу теориясы мен практикасы тұрғысынан топтастырылғандықтан мемлекеттің салық жүйесінің құрылуы, жұмыс істеуі және дамуы барысында туындайтын қоғамдық катынастарды құқықтық реттеу бірыңғайлығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

## **I. МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІҢ САЛЫҚТЫҚ КІРІСТЕРІ АЯСЫНДАҒЫ САЛЫҚТЫҚ ҚҰҚЫҚ**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті республикалық және жергілікті бюджеттерді біріктіретін жиынтық бюджет ретінде көрініс табады.

Республикалық бюджет Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген, Бюджет кодексінде айқындалған салықтық және басқа да түсімдер есебінен қалыптастырылатын, орталық мемлекеттік органдар мен оларға ведомстволық бағынышты мемлекеттік мекемелердің міндеттерін және функцияларын қаржыландыруға, сондай-ақ мемлекеттік саясаттың жалпыреспубликалық бағыттарын іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры болып табылады.

Жергілікті бюджеттер: облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті; аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті сияқты деңгейлерге бөлінеді.

Облыстық бюджетке, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетіне тиісті мәслихаттың шешімімен бекітілген, Бюджет кодексінде айқындалған салықтық және басқа да түсімдер есебінен қалыптастырылатын, облыстық деңгейдегі жергілікті мемлекеттік органдардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың және оларға ведомстволық бағынышты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржыландыруға, сондай-ақ тиісті өкімшілік-аумактық бірліктегі мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры жатады.

Ал аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті өз мәслихаттының шешімімен бекітілген, Бюджет кодексінде айқындалған салықтық және басқа да түсімдер есебінен қалыптастырылатын, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті мемлекеттік органдары мен оларға ведомстволық бағынышты мемле-

кеттік мекемелердің міндеттерін және функцияларын қаржыландыруға, сондай-ақ тиісті аудандағы (облыстық маңызы бар қаладағы) мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған акша қорын құрайды.

Респубикалық және жергілікті бюджеттердің салықтық кірістері ауқымындағы Салықтық құқық:

1) Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгілеу және алу механизмдерін қалыптастыру арқылы мемлекеттің салық салу жүйесінің құқықтық негізін құрайды;

2) мемлекеттік бюджеттің салықтық кірістерін құқықтық реттеу аясындағы мемлекеттің әмірлі еркін білдіреді;

3) материалдық бюджеттік қатынастармен тікелей байланысты мемлекеттің салық жүйесінің трансферттік қабілетін айтартықтай дәрежеге көтеруі арқылы бюджеттердің салықтық кірістерін қамтамасыз етеді;

4) салық жүйесінде туындастын трансферттік сипаттағы салықтық қатынастардың нақтылы материалдық тиімділігін респубикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы трансферттік реттеу көлемімен ұштастырады;

5) мемлекеттің салық жүйесінің макроэкономикалық даму көрсеткіштеріне байланысты жай-құйін, сондай-ақ оның фискальдық қатынастар мақсатына сай трансферттік қабілетін айқындау барысында респубикалық және жергілікті бюджет кірістері мен шығыстарының барынша жоғарғы балансына қол жеткізуі қамтамасыз етеді;

6) салық салу процесінің зәни негізін құрайды, сондай-ақ мемлекеттің салық жүйесінің фискальдық әлеуетті негізінде қалыптастырылатын респубикалық және жергілікті бюджет кірісінің салықтық бөлігін олардың бюджеттік шығысының көлемімен байланыстырады;

7) мемлекеттің салықтық қызметінің құқықтық нысаны болып табылады, мемлекеттің салық саясатының негізін құрайды және салықтық механизм элементтерін айқындайды.

## **1.1. САЛЫҚТАР, САЛЫҚ САЛУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІ**

Салықтар қоғамдық қатынастары біртіндеп дамып келе жатқан адамзат өркениетінің бастапқы кезендерінде пайда болған болатын. Кезінде Інжілдегі Ізгі хабарын жазғанда Лука Исаның

(Христостың) тууы туралы өзінің баяндауын «Сол күндері кесарь (патша) Август жер жүзінің барлық тұрғындары салық төлеу үшін тізімге тіркелсін деген бүйрек берді» деп бастанған еді. Осы окиға салықтар мен алымдарға байланысты санақ есебін алу және тізімге тіркеу ісінің бастамасы болды, сондай-ақ халық санағы мен жерлерді есепке алу жөніндегі аталмыш өктем іс-кимылдар Сирияны Квирини басқарып тұрған кезде, астарлы мағынада жүргізілген болатын.

Тізімге тіркеу (казіргі кездегі салықтық тіркеу есебіне алу) барысында, бірінші кезекте римге бағынышты барлық провинциялардың жерлерін кадастрлеуге және бағалауға кол жеткізілсе, екінші кезекте тұрғылықты халықтар накты салық төлеушілер ретінде есепке алынды. Міне, осындай жәйттер Иса Құтқаруши (Машиах) дүниеге келген кезден бастап салықтардың императорлар (падишахтар) казынасы мен мемлекет пайдасына халықтан мәжбүрлеп ақша алудың танымал өрі таптырмас құралына айналғанын дәлелдейді.<sup>1</sup>

Көне Үндістанда «Ману зандарында»: «шалынған құрбан-дықты өзіне, яғни құрбандыққа шалынған (берілген) мал-мұліктерді өзіне тек брахмандар ала алады» деп белгіленген болатын. Сонымен бірге осы зандарда «Веданы жатқа, жаксы білушілерден патша салық ала алмайды» деп, брахмандардың салық төлеуден босатылатыны бекітілген еді. Ал патшага және басқа да басқарушыларға байланысты сол «Ману зандарында» «Патша жыл сайын елде тұратын бұқара халықты дербес қәсіп-пен айналысуға мәжбүр етсін және оларды салық деп аталағын төлемді төлеуге мәжбүрлесін» деп көрсетілген.

Енді көне Грекияга көз салсак, онда алымдар мен салықтарды алудың әр алудан тәсілдері мен тұрларі пайдаланылғанын байқаймыз. Классикалық Грекияда алғашкы тікелей алымды тек құдайлар мен храмдарға құрбандық шалу ретінде берілетін мал-мұліктер тұрінде алғып отырса, кейіннен кемелер жасауга, белгіленген тәртіпті қамтамасыз етуге, қала шаруашылығы мен порттағы жұмыстарды жүзеге асыруға деп аздап салық алынатын болған.

<sup>1</sup> Бұл жерде, салықтардың Иса Құтқаруши дүниеге келгенге дейінгі VIII—VI ғасырларда Ежелгі Грекияда және IV—III ғасырларда Көне Римде, сондай-ақ 12 ғасыр бұрын Қытайда, Бабылда (Вавилонда) және Персияда (Иранда) алынғанын және дамытылғанын білуіміз кажет.

Біздің әрамызға дейінгі VII–VI ғасырларда ауқаттылардың өкілдері табыстың онға бөлгендегі бір бөлігін немесе жиырмаға бөлгендегі бір бөлігін қазынаға алу қажет деп белгілеген. Ал VI ғасырдың соны мен V ғасырдың басында қоғамдық ауыртпашылықтар-литургиялар пайда болған. Литургиялық міндеттерін өтегендер басқа салықтарды төлемейтін болған.

Бесінші ғасырдың ортасына таман салықтарды алудың жаңа түрлері ойластырылған. Мысалы: базарлардағы сауда-саттыққа салынатын салықтар, шетелдік азаматтардан алынатын салықтар, кедендей баждар алынған. Жезөкшелерге де салық салынған. Бұлар кірістерді құраса, шығыстарға: қаланы астықпен және ағашпен қамтамасыз етуге кететін қаражаттар; спорт ойындарын қаржыландыруға, дипломатиялық катынастарды қаржыландыруға, полицияны ұстауға қажетті қаражаттар жаткан. Бұл ретте басқару нысанына, мемлекеттерге және басқа да жайларға қарамастан, салықтардың қажеттілігі және әрдайым әрі ұдайы алынатындығын, сондай-ақ салық төлеуден ешкімнің тыс қалмайтындығын байқаймыз. Мысалы, ауқатты азаматтар триеархияға 200 таланттан (алтын ақша) төлеп отырған. 378-377 жылдары ауқатты және басқа азаматтардың мұліктері мен байлықтарын жаппай бағалау жүзеге асырылған. Ерікті қоғамдық төлем литургия да өкінішке орай салыққа айналдырылған болатын.

Көне Римдегі алғашқы салықтар цензус (ценз) деп аталған. Ценздер әрбір бес жылдың көлемінде азаматтардың мұліктеріне сәйкес белгіленіп, алынған.

Кейде салықтар мен баждардан және жерді жалға беруден түсken түсімдер қала шаруашылығына кететін шығындарды жаппаған жағдайда, тек қалада тұратын азаматтардан «мунира» деп аталатын салық алынған. Мунирадан басқа мемлекеттік салық «трибуумды» төлеу рим азаматының борышы әрі міндепі болған. Провинциялардағы жерлердің аумағы өлшеніп, калалар бойынша кадастрлар жасалынып отырған. Римдегі (оның провинцияларындағы) негізгі салықтардың бірі жер салығы «аннона» болған. Оның төлемдері ауылшаруашылығы өнімдері түрінде алынған.

Ресей мемлекетінің салық жүйесі IX ғасырдың сонына таман қалыптаса бастады. Ең бірінші алынған салық «дань» деп аталынатын. Сол кездерде алынатын салықтардың бәрі баждар болып саналатын. Баждардың мына түрлері алынған: «мыт», «гостиная», «перевоз», «вес и мера», «торговая», «вира», «прода-

жа». Татар-монгол шапқыншылығы кезінде Ордаға «выход»-деген салық төленген, сондай-ак «ям» атты салық Орданың сициі мен оның қызметкерлерін ұсташа үшін алынған. Патша Үшінші Иванның кезінде «данные», «ямские», «пищальные» деген салықтар, «стрелецкая подать», «полонянничные деньги», «сборы на городовое и засечное дело», «сога», «медовая дань», «яеуся» деген түрлі міндепті төлемдер алынған.

Бірінші Петрдің тұсында фискальдық палата құрылған болатын. Одан басқа қаржылар мәселесімен айналысатын камер-коллегия, штатс-контр-коллегия, комерц-коллегия және ревизионная коллегия сияқты мемлекеттік органдар болған.

Сол кезде мына келесідей әр алуан салықтар мен міндепті төлемдер алынған: «гербовый сбор», «подушной сбор с извозчиков», «налоги с постоянных дворов», «налоги на бороду, усы», «налоги с печей, судов, продажи съестного», «подушная подать» (кейін «налог со строений»). Кейінгі патшалардың баскарулары аясында «питейный налог», «гильдейская подать», «квартирный налог», «налог на доходы с ценных бумаг», «сбор с проезда по шоссе Санкт-Петербург – Москва», «пошлина с имущества, переходящего по наследству», «сборы с заграничных паспортов», «паспортные сборы», «акцизы на табак, сахар, соль, спички, прессованные дрожжи, осветительные масла», «промышленный налог». Міне, Ресей салық жүйесінің қалыптасып, дамуы кезінде алынған негізгі міндепті төлемдер осылар болған. Эрине, әрбір елдің салық жүйесінің әр кездегі болмысы және құқықтық тағдыры патшалар мен билеушілердің, мемлекеттің саяси еркіне тәуелді болғаны, сондай-ак бола беретіні сөзсіз.

Қазақстанда да заман-кезеңдеріне сай салық жүйесі болғаны ешбір күмән тудырмайды. Бір ғана дәлел ретінде «Ұлы жібек жолы» мен өркендер, дамыған камал-қалалар «Сығанак», «Отырар», «Тараз», «Мерке», «Исфиджаб», «Құлан», «Яссы», «Сауран», «Барысхан», «Аспара», «Баласағұн», «Қойлық», «Талхиз», «Екіөгіз», «Баба-ата» жөніндегі мағлұматтарды айтуға болады. Тек бір өкініштісі, жазба мәліметтердің сакталмағанына байланысты осы салықтар жөніндегі дерек көздерінің өте аз болуы.

Кезінде Қазақстан тарихына, сонымен бірге салық салу мәселелерін шешуге орасан зор үлесін қоскан бірден-бір құқықтық дерек көзі Тәуке ханының (Әз Тәуке) хандық құруы кезінде, оның тікелей қатысуымен қабылданған «Жеті Жарғы» болып табылады.

Қазақстанның Ресей боданы болуына байланысты оның аумағында да Ресейдің зандарында көзделген салықтар мен өзге де міндепті төлемдер алынатын болған. Тек Қазақстанның өзіне тән алымдар да белгіленіп отырған. Мысалы, «кибиточный сбор», «ясачная подать», «паспортный сбор», «ямская повинность» және т.б.

8 – 12 ғасырларда айтарлыктай дамыған салық салу теориясы экономикалық және мәдени ғұлденеү шарықтаған ислам әлемі елдерінің мұсылмандық құқығында шариатта көрініс тапкан болатын. Салық салудың мұсылмандық жүйесінің көптеген элементтері казіргі Қазақстан мен Орта Азия аумағындағы мемлекеттерде, олар 19 ғасырда Ресей экономикалық жүйесіне қосылмай тұрып тарапған еді.

Шариат (араб сөзі «аш – Шария» түзу, дұрыс жол мағынасында айтылады) қоғамдағы адамдардың өзара қатынастарын, соның ішінде салықтарға байланысты мән-жайларды да жанжакты реттейтін нормалары бар қазіргі әлемдегі өте ірі өрі біртұтас құқық жүйесі болып табылады.

Белгілі өзбек ғалымы, мемлекеттанушы А.Сайдов 12 ғасырдағы ханифиттер мазхабының (мектебінің, ағым – бағытының деуге болады) факиғы (факих – діни құқық танушысы) Бурхан ад – Дин өл Маргинанидің «Әл – һидоя» деген еңбегіне көптеген ғасырлар бойына жасалынған түсіндірмелер («Хидоя. Мұсылман құқығының түсіндірмелері») жинағына жазған баяндамасында: «мұсылман құқығының айрықша ерекшелігі – оның біртұастығы және пәрменділігі; шариат нормаларында батыс (континентальдық, англосаксондық) құқық жүйелерінде байқалатын, адамдардың өзара қатынастарын реттейтін нормаларды құқықтық, әдептілік және діни нормалар деп бөлу орын алмаған.

Шариат – ислам құқығының философиясы, ол үшін рухани, діни және зайырлы өкімет біртұтас, яғни мұсылманның діни, зайырлық және практикалық қызметтері бөлінбес сипатта болады» деп көрсеткен.

Кезінде салықтарды жинаудың икемді тәсілдерін қолдану қажеттілігі жөнінде Әмір Темір көреген (Гурхан Тимурленг Гурганджи) өзінің «Халыктан кірістер мен контрибуциялар жинау туралы» қаулысында: «Алым, салық жинау кезінде мүмкіндігінше халыққа ауыртпашилық түсірмеу керек және аумактардағы елді мекендерге салуды азайту қажет.

Әйткені, халықтың кедейленуі мемлекеттің қазынасының тапшылығына әкеліп соктырады, ал мемлекеттік мұқтаждықтарды өтеуге қажетті қаражаттың болмауы әскери және басқа қүштердің ыдырап кетуіне әкеліп соктырады, ал жеткілікті, мықты әскердің және басқа да қүштердің болмауы мемлекеттік өкімет билігін, мемлекетті әлсіретеді» деген болатын.

Ресей империясының қаржылық құқық саласы бойынша көрнекті ғалымы П.П. Гензель бұрынғы кездерде етек жайған салықтарға байланысты зансыз мәжбүрлеулер жөнінде: «Көне заманнан бері салық салудың техникалық жолдары, әралуан кадастрлары және өндіріп алудың аса бір икемді тәсілдері жаксы мәлім болған» деп айта келіп «көне заманда қаржылық құқық жоқ болғандықтан қазіргі кездегідей салық салу тәртібін білмегендері белгілі. Ол кезде тек бағындырылған халықтан салық алуға бағытталған қаржылық мәжбүрлеуді ғана білген» деп тұжырымдаған. Міне, салықтар жөнінде осындағы көзқарастар калыптасқан еді.

Сонымен салықтардың бағзы заманнан алынып келе жатқаны жоғарыда біршама айтылды және қандай болмасын мемлекеттің болмысы мен өсіп-дамуының материалдық негізі – қаржыларды қалыптастыратын ең басты қайнар түсім көздеріне салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің жататыны белгілі болды. Бұл ретте ескеретін маңызды жәйт, салықтар билеушілердің, императорлардың, патша ағзамдардың қарамагына болсын, кейіннен мемлекеттің тікелей өзіне болсын мәжбүрлеп алынғандықтан, олардың араларындағы айырмашылық тек жекеше-құқықтық кірістер түрінде немесе қоғамдық (мемлекеттік)-құқықтық кірістер сипатында болды.

Жоғарыда айтылғандай салық салу жүйесі (салықтар) адамзат өркениетінің әр килем кезеңдерінде туындалған, қалыптастып, дами отырып бүгінде белгілі бір деңгейде дамыған әрбір мемлекеттің мызғымас атрибуты, сол мемлекеттің қандай да болмасын мұқтаждықтарын қанағаттандырудың және әлеуметтік-экономикалық салаларын реттеудің таптырмас құралы ретінде көрініс табуда.

Салықтар, салық салу және салықтық құқық жөнінде кезінде А. Смит, Д. Рикардо, У. Петти, Н. Тургенев, М. Сперанский, Ш. Үәлиханов, И. Алтынсарин, А. Құнанбаев, А. Байтұрсынов, А. Бекейханов, кейіннен бұрынғы Кеңес кеңістігі мен казіргі егеменді еліміздің ғалымдары М. Оспанов, А. Худяков калып-

тастырған маңызы зор теориялар, экономикалық және құқықтық көзқарастар осы салықтардың қоғам мен мемлекет үшін ауадай қажет екенін дәлелдеп отыр.

Осы салық жүйесінің мындаған жылдар бойы дамып, өркениетті түрде қалыптасқан шағы XVII ғасырдың соны мен XVIII ғасырдың басына тұс келген болатын. Оны ірге тасын қалаушылардың ішіндегі бірегейі Адам Смит деп айтсақ кателеспейміз. Ол өзінін 1776 жылы шыққан «Халықтар байлығының табиғаты мен себептерін зерттеу жөнінде» атты кітабында: «Мемлекеттің тұрғындары өздерінің табыстарына қарай мемлекеттің мұқтаждығын қанағаттандыру үшін ат салысуға тиіс. Олар төлейтін төлем – салықтың мөлшері өте дәл айқындалғаны дұрыс болады, сондай-ақ төлеу мерзімі, төлеу тәсілі және төленетін сомасы өте анық болуы қажет. Салықты алу кезеңі мен уақыты немесе тәсілі салық төлеуші үшін ыңғайлы әрі қолайлы болуға тиіс. Сонымен қатар, әрбір салықтың салмағы халықтың жанқалтасын ойсыратып кетпей, мүмкіндігінше аздаپ алынуы қажет. Сонда, мемлекет қазынасына түсетін табыс мөлшерлеген межеден артық болмаса, кем түспейді» деп жазған еді.

Міне, осы айтылғандардың түпкі тұжырымы ретінде мынадай: «салықтарды барлық азаматтардың арасында, олардың табыстарына сай біркелкі бөліп, белгілеу; салықтың төлемнің со-масы, тәсілі және уақыты оны төлеушіге күні бұрын әрі нақтылы белгілі болғаны дұрыс; салықтар әрбір салық төлеушіге қолайлы уақытта және ыңғайлы тәсілмен алынуға тиіс; салық алу кезінде салық төлеушінің шығындары мүмкіндігінше аз болуға тиіс» деген салық салудың негізгі қағидалары қалыптас-тырылған болатын.

Салықтың белгіленуі, салық салу мемлекеттің құрылсынына, қалыптасқан қоғамдық дәстүрлерге, мемлекет экономикасы мен фискальдық саясатының мән-жайына, билік етуші тармақтардың өктем өкілеттіліктерінің демократиялық деңгейіне, нақты қалыптасқан өлеуметтік, саяси және әкімшілік жағдайларға қарай жүзеге асырылады. Былайша айтқанда, салықты мемлекеттің экономикалық өлеуетінің (күш-куатының) функциясы деп санауға болады. Осы орайда қатты ескеретін жәйт, салықтың (экономикалық) мән-жайы мен зан жүзінде іске асырылатын мәнінің арасында қарама-қайшылық туындарамауы қажет. Демек салық, салық салу, мемлекеттің салық жүйесі деген сөз-

дердің мағынасын мемлекеттің кірісін салық төлеушілердің – занды және жеке тұлғалардың материалдық мүдделеріне мүмкіндігінше нұксан келтірмей қалыптастыру керек деп түсінген дұрыс.

## Салықтар

Мемлекеттің бюджет жүйесінін аса маңызды құраушы негізі мемлекеттің салықтық құқығының көмегімен мәжбүрлеу аркылы алынатын міндетті төлемдер – салықтар, алымдар, баждар, төлемақылар және т.б., яғни жинақтап айтқанда салықтық түсімдер болып есептелінеді. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің экономикалық-құқықтық маңызы олардың төленілуіне байланысты туындастын қаржылық-экономикалық және құқықтық қатынастарда, яғни салық төлеушілердің мемлекетке салықтық төлемнің затын (сомасын) берулері кезінде салық зандарымен белгіленген салықтық құқықтық қатынасқа қатысушы мемлекет пен салық төлеушілердің арасында туындастын қатынастарда жарқын көрініс табады.

Салықтар экономикалық және әлеуметтік-саяси қатынастарды өзінің бойында жинақтаушы құрделі өрі қоғам өмірінің көп аспекттілі қаржылық-құқықтық құбылысы болып табылады. Сондықтан ол өзіне тән көптеген айрықша белгілерімен ерекшеленеді.

Осы орайда салық:

- түсім көзі жалпы ұлттық табыстың белгіленген бөлігі болып табылатын төлем;
- міндетті төлем;
- жекелей – эквивалентсіз төлем;
- қайтарылмайтын төлем;
- мемлекет кірісін қалыптастыратын төлем;
- ұдайы төлем;
- мәжбүрлі төлем;
- заң жүзінде белгіленген төлем;
- құқыққа сай төлем;
- жүзеге асырылуы кезінде төленетін салық сомасының меншік нысанының әрқашанда мемлекеттік меншік нысанына ауысуымен (өзгертулуймен) көрініс табатын төлем;
- мөлшері алдын ала айқындалған төлем;

- кәтән белгіленген мерзімде жүзеге асырылатын төлем;
- өте тұрақты салықтық міндеттемелер туындашатын төлем;
- белгіленіп, бекітілуі кезінде нақты салық төлеушілердің төлем қабілеттілігі есепке алынатын төлем;
- акшаның төлем құралы ретіндегі функциясын (акша нысанындағы құнның біржакты қозғалысын) көрсететін төлем;
- жүзеге асырылуы зәңи жауапкершілік шараларымен қамтамасыз етілетін төлем;
- тек құқықтық нысанда болатын төлем;
- біржакты-өктем тәртіппен мемлекет белгілеген төлем;
- жүзеге асырылуы салық төлеушінің зәңи міндеті болып табылатын төлем;
- жекелей-айқындалған сипаттағы төлем;
- материалдық-заттай төлем;
- әрдайым фискальдық нысанда болғандықтан салық әкімшілігін жүргізуге колайлыш әмірлі сипаттағы төлем;
- мемлекет тараپынан заттандырылған объективті экономикалық категория, яғни мемлекеттік қазынаны толықтыру мақсатында тиісті мемлекеттік билік тармағы үйімдастырып, құқықтық негіздеген акша қаражаттарының арналы ағымы;
- әлеуметтік бағдарлы нарықтық экономиканың негізінде жасалынатын демократиялық қоғамның өнімі;
- табыстарға салынуына байланысты тікелей, ал тұтынуға (шығынға) салынуына қарай жанама болып бөлінетін төлем;
- салық төлеушінің экономикалық-қаржылық жай-қүйіне қатысты функция;
- реттеуіші сипаттағы экономикалық стимул және мемлекеттік бюджеттің материалдық-заттай қаражаттарының көзі;
- қоғамдағы бөлу және кайта бөлу қатынастарын білдіретін экономикалық категория;
- мемлекеттің салықтық құқығына сай мәжбүрлеп алына отырып, бюджет жүйесінің мызғымас материалдық негізін құрайтын төлем;
- бірыңғай салық жүйесін білдіретін мемлекеттік деңгейдегі және жергілікті салық салу жүйелеріне байланысты мемлекеттік және жергілікті болып көрініс табатын төлем болып саналады.

Сонымен салық мемлекет тараپынан біржакты шығарылған зандардың негізінде, сол зандарда айқындалған нақтылы мөлшерде және катаң белгіленген мерзімдерде, Республикалық немесе жергілікті бюджет кірісін қалыптастыру мақсатында са-

лықтық міндеттемелерін орындауға тиісті занды және жеке тұлғалардан жүйеленген әрі тұракты түрде уәкілетті мемлекеттік органдар алатын баламасыз, қайтарымсыз, ақшалай (кейде заттай) міндетті төлем болып табылады.

Салық салу процесінде нактылы салық төлеуші орындауға тиіс салықтық міндеттемелер салықтық заң актілерінде белгіленген әрбір салықтың құрамдас бөліктерінің жынтығы – салық элементтері арқылы айқындалады.

Салық төлеушиңін (оған катысты зәни фактілерге сәйкес) салық төлеу жөніндегі мемлекет алдындағы міндеттін онын салықтық міндеттемелерінде нактыланыратын, республикалық немесе жергілікті бюджетке төленетін салықтық төлем сомасына байланысты салықтық міндеттемені және оның орындаудын айқындастын, сондай-ақ мемлекеттің салық жүйесіндегі әрбір салықтың өлеуметтік-экономикалық және зәни мән-жайының тектік белгілерін, колданылу тәртібін ашып көрсететін ҚР Салық кодексінде белгіленген әрбір салықтың құрамдас бөліктерінің кешені – салық элементтері болып есептелінеді.

Салық элементтері салықтық міндеттемелердің элементтерінде толық әрі сапалы көрініс тапкан жағдайда салық жүйесінің фискальдық және реттеуши қабілеті күшіе туседі.

Салық элементтеріне:

- 1) салық субъектісі;
- 2) салық объектісі;
- 3) салық базасы;
- 4) салық базасын есепке алу тәртібі;
- 5) салық ставкасы;
- 6) салық салу бірлігі;
- 7) салық заты;
- 8) салықтық кезен;
- 9) салықты есептеу тәртібі;
- 10) салықты төлеу мерзімі;
- 11) салықтық төлеу тәсілі мен тәртібі;
- 12) есеп беру кезені;
- 13) салық жenілдіктері мен преференциялары;
- 14) салықтық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік жатады.

Салықтар – өте көп қырлы, мемлекеттің даму кезендері өзгерген сайын нактыланырылатын, ұдайы жүзеге асырылатын міндетті ақшалай төлем болып табылады.

Салықтардың функциялары экономикалық табиғаты мен зәни мән-жайына қарай мемлекет кірісін бөлу және қайта бөлу құралы сипатында мемлекеттің салықтық қызметінің негізгі бағыттарында пайдаланылатын салықтардың тек өзіне тән экономикалық-құқықтық касиеттері ретінде көрініс табады.

Экономиканың казіргі даму мүмкіндіктерін есепке ала отырып мемлекеттік қажеттіліктерге сай айқындалған салықтардың функциялары мемлекет белгілеген бағыт бойынша іске асырылады.

Экономикалық категория ретінде салықтың функцияларына:

- 1) фискальдық функцияны;
- 2) бөлуші функцияны;
- 3) реттеуші функцияны;
- 4) бақылаушы функцияны;
- 5) женілдік беруші функцияны жатқызуға болады.

Салықтарды топтастыру олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын белгілеуге септігін тигізді, саны жағынан шамалы топтарға бөлу арқылы олардың ғылыми зерделенілуін және практикада қолданылуын женілдетуді көздейді.

Салықтарды топтастырудың кейбір негіздеріне:

- 1) алыну тәсілдері бойынша;
- 2) салық салу субъектілері бойынша;
- 3) салық салу объектілері бойынша;
- 4) кірісіне салықтық түсімдер (төлемдер) есептелінетін бюджет деңгейі бойынша;
- 5) салықты енгізудің мақсат-бағдары бойынша;
- 6) салықтық түсімдерге деген салықтық құқықтарын пайдалану ауқымы бойынша;
- 7) салықтық төлемдерді төлеу көздері бойынша сиякты принциптер жатады.

Мәселен, салық салу субъектілері бойынша: занды тұлғалардан алынатын салықтар; жеке тұлғалардан алынатын салықтар; салықтық түсімдерге деген салықтық құқықтарын пайдалану деңгейі бойынша: өздеріне тұракты берілген (бекітілген) салықтар; бөліктеге (сомаларға, проценттерге) бөлу арқылы белгіленетін (берілетін) реттеуші салықтар болып бөлінеді.

Салықтардың мән-жайларына байланысты: тікелей және жанама салықтар; тұракты бекітілген және реттеуші салықтар; мемлекеттік деңгейдегі және жергілікті аумақтардағы салық-

тар; жалпы және максатты салықтар; ұдайы алынатын және біржолғы салықтар сиякты түрлері болады.

Қазақстан аумағында алынатын салықтардың түрлеріне:

1) корпорациялық табыс салығы;

2) жекелей табыс салығы;

3) қосылған құн салығы;

4) акциздер;

4-1) экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығы;

5) жер койнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнаулы төлемдері;

6) әлеуметтік салық;

7) жер салығы;

8) көлік құралдары салығы;

9) мұлік салығы жатады.

**Алымдар.** Алымдар дегеніміз мемлекеттік уәкілетті органдар тараپынан өтінуші-келуші белгілі бір тұлғаларға қатысты нақтылы қөрсетілген тиісті қызметтер мен берілген құқыктар немесе арнайы рұқсаттар үшін сол занды немесе жеке тұлғалардан алынатын максатты – бағдарлы, біршама – эквивалентті ері міндettі ақшалай төлемдер.

Алым өзіне тән мынадай:

1) біржолғы төлем;

2) біршама-эквивалентті төлем;

3) міндettі төлем;

4) нақты тұлға үшін ерікті сипаттағы төлем;

5) ақшалай төлем;

6) өтемдік сипатта болатын төлем;

7) қөрсетілген қызметтің құны есепке алына отырып жүзеге асырылатын төлем;

8) кейде мемлекеттің материалдық мұддесі басым болып кететін төлем сиякты белгілерімен ерекшеленеді.

Казақстан Республикасында алымдардың мынадай түрлері:

1) занды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін;

2) жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін;

3) жылжымайтын мұлікке және олармен жасалатын мәмілелерге құқыктарды мемлекеттік тіркегені үшін;

3-1) жылжымалы мұлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін;

4) радиоэлектрондық құралдарды және жиілігі жоғары құрылыштарды мемлекеттік тіркегені үшін;

5) механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік тіркегені үшін;

6) теңіз, өзен кемелері мен шағын көлемді кемелерді мемлекеттік тіркегені үшін;

6-1) Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін;

7) азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін;

8) дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін;

9) автокөлік құралдаresының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өткені үшін;

10) аукциондардан алынатын алым;

11) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;

12) телевизия және радиохабарларын тарату үйымдарына радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін алынады.

**Баждар.** Баж – арнайы мамандандырылған үекілетті органдар тарапынан өздеріне өтінуші – келуші тұлғаларға қатысты жасалған зәни маңызы бар белгілі бір іс-кимылдар және берілген ресми құжаттар үшін сол занды немесе жеке тұлғалардан алынатын біршама – эквивалентті, міндетті ақшалай төлем.

Мемлекеттегі баждар мемлекеттік және кедендік болып бөлінгенімен жалпы сипаттамасы көптеген белгілері бойынша сәйкес келетіндіктен бажда тән қасиеттер ретінде мына:

**Баж:** 1) міндетті төлем;

2) мәжбүрлі төлем;

3) арнаулы пайданы максаттайтын төлем;

4) ақшалай төлем;

5) зәни маңызы бар іс-әрекетті жасауға орай жүзеге асырылатын төлем;

6) белгілі бір құжаттарды беруге байланысты жүзеге асырылатын төлем;

7) мемлекеттік ішкі және сыртқы кедендік шекараны әрібері кесіп өтіп тауарлар мен өнімдерді өкетіп, өкелуші тұлғалар жүзеге асыратын төлем;

8) мемлекет кірісі болып табылатын төлем;

9) біршама-эквивалентті төлем;

10) көрсетілетін қызмет құнына карамастан (есепке алмай) жүзеге асырылатын төлем сиякты ерекшеліктері көрініс табады.

Қазақстан Республикасында мынадай кедендік баждар мен міндепті төлемдер:

- 1) кедендік баждар;
- 2) кедендік ресімдеу үшін кедендік алым;
- 3) тауарларды сактағаны үшін кедендік алым;
- 4) кедендік ілесіп алып жүргені үшін кедендік алым;
- 5) КР кедендік органдарының лицензия бергені үшін алымы;
- 6) кедендік ресімдеу жөніндегі маманның біліктілік аттестатын бергені үшін алым;
- 7) алдын ала шешім үшін төлемакы алынады.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік баждар мынадай объектілерден:

- 1) сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше жүргізілестін істер бойынша арыздардан, кассациялық шағымдардан, сондай-ақ соттың құжаттардың көшірмелерін (дубликаттарын) бергені үшін;
- 2) нотариаттық іс-кимылдар жасағаны үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттар көшірмелерін бергені үшін;
- 3) тұрғылықты жерін тіrkегені үшін;
- 4) аншылық құқығына рұқсат бергені үшін;
- 5) Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттары мен жеке куәліктерін бергені үшін;
- 6) азаматтық хал актілерін тіrkегені үшін, сондай-ақ азаматтарға азаматтық хал актілерін тіrкеу туралы куәліктерді және азаматтық хал актілері жазбаларын өзгертуге және қалпына келтіруге байланысты куәліктерді кайтадан бергені үшін;
- 7) шетелге баруға және Қазақстан Республикасына басқа мемлекеттерден адамдарды шакыруға құқық беретін құжаттарды ресімдегені үшін, сондай-ақ осы құжаттарға өзгерістер енгізгені үшін;
- 8) шетелдіктердің паспорттарына немесе оларды ауыстыратын құжаттарына Қазақстан Республикасынан кету және Қазақстан Республикасына келу құқығына виза бергені үшін;
- 9) Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату туралы құжаттарды ресімдегені үшін;
- 10) қаруды және оның октарын сактауға немесе сактау мен алып жүргуге, тасымалдауга, КР аумағына өкелуге және КР өкетуге рұқсат бергені үшін;